

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
МЕДИЦИНАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ
РЕГЛАМЕНТІ

БІРІНШІ БӨЛІМ .

Мақсаты, колдану аясы, негізdemесі және қыскартылған сөздер

Жалпы ережелер

1-бап. (1) Медициналық ғылыми-зерттеу институтының қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атауы жазылған мөрі, бұрыштама белгісі, қазақ, орыс, түрік және ағылшын тілдеріндегі атауы жазылған бланкісі болады.

(2) Медициналық ғылыми-зерттеу институты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің күрылымдық бөлімшесі болып табылады.

(3) Институт атауы қазақ тілінде: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Медициналық ғылыми-зерттеу институты; түрік тілінде: Noça Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Sağlık Bilimleri Araştırma Enstitüsü; орыс тілінде: Медицинский научно-исследовательский институт Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави; ағылшын тілінде: Scientific Research Institute of Health Sciences of Khoca Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University ретінде белгіленді.

Колдану аясы

2-бап. (1) Осы регламент Медицина кластерінің медициналық ғылыми-зерттеу институтының мақсатын, қызметтерін, органдарымен қатар тәртібі мен негіздерін қамтиды.

Негіздемесі

3-бап. (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5 (e), 8 (c), 10 (a) және 15-баптарына негізделіп дайындалды.

Қыскартылған сөздер

4-бап. (1) Осы регламентте қолданылған қыскартылған сөздер томендеғідей:

a) Институт: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина кластерінің медициналық ғылыми-зерттеу институты;

b) Институт директоры: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина кластерінің медициналық ғылыми-зерттеу институтының директоры;

c) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры;

d) Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректорының бірінші орынбасары;

e) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;



f) Фылыми кенесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, медицина кластерінің Фылыми кенесі;

g) Басқару кенесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің медицина кластерінің медициналық ғылыми-зерттеу институты Басқару кенесі мағынасын білдіреді

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Институттың мақсаттары мен қызметтері

Институттың мақсаты

5-бап. (1) Институттың негізгі мақсаты – медицина саласында білім беру, зерттеу және тәжірибе жүргізу арқылы халықтың денсаулығын жақсарту мен дамуына ықпал ету.

Институттың қызметтері

6-бап. (1) Институттың қызметтері төмендегідей:

a) Тәжірибелік жағдайларда негізгі дағдылар бойынша оқыту;

b) Медицинада тәжірибелік зерттеулер жүргізу мәселелері бойынша жас ғалымдар мен студенттерді оқыту мен кенес беруді ұйымдастыру;

c) Тәжірибелік жағдайларда диагностикалау мен емдеудің инновациялық технологияларын өндіре, ғылыми негіздеу мен ендіру;

d) Білікті мамандарды дайында бойынша еліміздің ең алдағы ғылыми-білім орталығының бірі ретінде Университетті ұсыну;

e) Институт базасында фундаментальдық медицинаның өзекті мәселелері бойынша ғылыми және әдістемелік зерттеулер жүргізу мақсатында ғылыми ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру;

f) Әртүрлі деңгейдегі ғылыми-техникалық бағдарламаларға белсенді түрде тарту арқылы ғылыми, педагогикалық қызметкерлер мен мамандардың ғылыми-педагогикалық потенциалы мен мотивациясын жоғарылату;

g) Қазақстан мен шетел мемлекеттерінің ғылыми салаларымен тәжірибе алмасу және ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында бірлесіп жұмыс жасауға ықпал ету.

h) Дипломға дейінгі студенттерге, интерндерге, магистранттарға, докторанттарға және қызығушылық танытушыларға медициналық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістерін үйрету.

i) Wetlab жағдайында хирургтарды симуляциялық оқыту.

j) Дәрігерлер мен орта буын мейірбикелердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістері бойынша біліктілік курсын ұйымдастыру.

k) Ғылыми зерттеулер жүргізу.

l) Конгресстер, конференциялар ұйымдастыру.

m) Фундаментальдық, экспериментальды және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

n) Университеттің ұлттық және халықаралық конкурстарда ғылыми жобаларды ұтып алу негізінде қосымша қаржылық қорлар көзін тарту;



K

- o) Университеттің материалды-техникалық базасы мен ғылыми-педагогикалық потенциалын нығайту мақсатында Институт базасында ақылы кенес, зертханалар, диагностикалық және клинико-зертханалық қызметтер ұйымдастыру
- p) Зертханалық медицина, клиникалық зертхана аудиогаудио экспертике және консалтингтік көмек көрсету. Халықта ақылы кенес беру, зертханалық, диагностикалық және клинико-эксперименталдық көмек көрсету.
- q) Халықта ақылы кенес, зертханалық, диагностикалық және клинико-зертханалық қызмет көрсету.
- r) Басқа елдерден, сонымен қатар Visiting Professor бағдарламасы бойынша шақырылған белгілі ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды ғылыми КДЗ жұмыс барысымен таныстыру.
- s) Галымдар, педагогтар, магистранттар мен студенттер алмасу үрдісі негізінде басқа елдердің ғылыми орталықтарымен байланысты нығайту.
- t) Институт базасында дипломға дейін және дипломнан кейін жаңа лабораториялық зерттеулер әдісіне үйрету. (оку сабактарын жүргізу).
- u) Ғылыми-зерттеулер жүргізу және ғылыми-зерттеу бағдарламаларды өндіру. Денсаулық сактау бөлімшелерімен бірге жұмыс жасау барысында тәжірибелік зерттеулер жүргізу және халықта диагностикалық көмек көрсету.
- v) Кафедралармен біріге отырып студенттермен бірге ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.
- w) Университет қызметкерлері мен басқа мекемелердің мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында семинарлар, конференциялар, арнайы курстар өткізу.
- x) Ғылыми-зерттеу лабораториясының есеп-қисаптық құжаттарын, сонымен қатар нормативтік құжаттар мен сапа жүйесінің құжаттарын өндіру мен жүргізу.
- y) Сапа жүйесін жетілдіру мен нәтижелерін сараптау мақсатында зертханаішлік сапаны бақылау мен сапаны қамтамасыз ететін ішкі тексерулер жүргізу.
- z) Зертхананың материалды-техникалық базасын үнемі жақсарту мақсатында құрал-жабдықтар, реагенттер, қажетті материалдарға тапсырыс дайындау.

ҰШІНШІ БӨЛІМ

Институттың құрылымы мен қызметтері

Институттың құрылымы

7- бап. (1) Институт төмендегі органдардан тұрады:

- a) Институт директоры
- b) пәнаралық медицина бойынша зерттеу лабораториясы;
- c) метаболикалық синдром бойынша зерттеу лабораториясы
- d) ғылыми клиникалық лаборатория;
- e) клинико-анатомиялық экспериментальды лаборатория;



3 / 6

Институт директоры

8-бап. (1) Ректор мен ректор өкілінің шешімімен үш жылға тағайындалады. Жұмыс мерзімі аяқталған институт директоры, қайтадан қызметке тағайындалу құқығына ие. Институт директоры жұмыс орнында болмagan кезде оның қызметін директор орынбасары атқарады.

Институт директорының қызметтері

9-бап. (1) Институт директорының қызметтері төмендегідей:

- a) Жылдық және төрт жылдық стратегиялық даму жоспарын, институттың жұмыс жоспарын және жұмыс есебін дайындауда, Басқару кенесіне ұсыну;
- b) Басқару кенесін жиналысқа шақыру, жиналысқа төрағалық ету және жиналыста қабылданған шешімдерді орындау;
- c) Институттың атынан өкіл ету, академиялық қызметтері мен басқару жұмыстарын жүргізу;
- d) Отандық және халыкаралық ғылыми үйымдар мен зерттеу және практикалық орталықтарымен ынтымақтастық қатынастарын орнату арқылы институттың мақсатына сай жобаларды дайындауды қамтамасыз ету;
- e) Жариялануга ұсынылған зерттеулер мениң ізденістерді Ғылыми кенесіне ұсыну;
- f) Ғылыми кенесі тарапынан институт мақсатына сәйкес берілген баска да міндеттерді орындау.
- g) Жыл сайын атқарылған жұмыстар жөнінде Ғылыми кенесіне есеп беру.

Басқару кенесі

10-бап. (1) Басқару кенесі университет ректоры мен ректор өкілінің ортақ шешімімен тағайындалған төрт мүше мен институт директорынан құралады. Басқару кенесі мүшелерінің қызмет мерзімі үш жыл. Қызмет мерзімі аяқталған мүшелер қайтадан тағайындалуы мүмкін. Қызметінен босаған, Басқару кенесі мүшесінің орнына қалған мерзімді аяқтау үшін алғашқы тағайындау барысында қолданылатын негіздер шенберінде жаңа мүше тағайындалады.

(2) Басқару кенесі институт директорының шақыруымен кем дегенде екі айда бір рет жиналады. Қажет болған жағдайда институт директоры Басқару кенесін төтеше жиналысқа шақыра алады. Басқару кенесінің жиналысына Институт директорымен қоса, кем дегенде үш мүше қатысуы тиіс. Шешімдер көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар бірдей болған жағдайда, Төрағаның дауысы екі дауыс болып есептелінеді.

Институт лабораторияларының қызметтері

11-бап. (1) Институт лабораторияларының қызметтері төмендегідей:

- a) Медицина ғылымының әр-түрлі бағыты бойынша фундаментальдық және колданбалы зерттеулер жүргізу.
- b) Комплекстік ғылыми бағдарламаларды ондеп, басшылыққа ұсыну.
- c) Бірге зерттеулер жүргізу мақсатында, ғылым бөлімінің шетелдік ғалымдар, ғылыми ұжымдар мен зертханаларды тарту жұмысына бірге атсалысу. Құрылымдық бөлімшелердің ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және инновациялық жұмыстарын орындауга көмек беру. Мемлекеттік бағдарламалар, деңсаулық сактау мен инициативтік жобаларды халыкаралық бағдарламаларды аясында ұйымдастырылатын республикалық,



шетелдік және халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларга Университеттің қатысуына көмек беру.

d) Оку-тәжірибелік процесті жоспарлау аясында: Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен бірге оку процесі мен тәжірибесін, жұмыс оку жоспарларын, графиктер мен институт базасында откізілетін оку және тәжірибелік сабактарды жоспарлауға жауаптылардың бірге атсалысы.

e) Клинико-зертханалық диагностика бағыты бойынша Университеттің материалды-техникалық базасы мен ғылыми-педагогикалық потенциалын қолдану арқылы Университеттің кафедралары мен басқа да оку бөлімшелері арқылы институт базасында оку тәжірибелік базасын ұйымдастыру.

f) Халықаралық, республиканалық, аймақтық, салалық ғылыми конгрестер, конференциялар, симпозиумдар, сабактар, семинарлар ұйымдастыру немесе ұйымдастыруға қатысу.

g) Оку процесі мен оку-өндірістік тәжірибе жұмысына ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ендіруге бағытталған бағдарламаларды өндеу.

Институт құрылымы (штаты)

12-бап. Институт штаты томендегідей: 1 директор, 1 хатшы, 1 виварий менгерушісі, 2 штат институт есебінен және 2 штат F3Ж есебінен аға ғылыми қызметкер, 2 штат институт есебінен және 2 штат F3Ж есебінен кіші ғылыми қызметкер, 2 штат институт есебінен 2 штат F3Ж есебінен лаборант, 1 виварий қызметкери.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Соңғы және басқа да ережелер

Каржылық ережелер

13-бап. (1) Институт бюджеті университет бюджетінен бөлінген қаржыдан және заң шенберіндегі каржы көздерінен келіп түсетін кірістерден және қайырымдылық каражаттардан құралады.

(2) Институттың жылдық бюджеті Басқару кенесі тарапынан дайындалады және университет бюджетінің құрамында Өкілетті Кенес тарапынан бекітіледі.

(3) Басқару кенесі мүшелеріне Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жол шығындары және тәуліктік төлемдер толенеді.

Озге де ережелер

14-бап. (1) Осы регламентте қарастырылмаған мәселелер бойынша Университет регламенттері негізге алынады.

Күшіне ену

15-бап. (1) Бұл регламент институттың тіркеу жұмыстары аяқталғаннан кейін оз күшіне енеді.

Жүзеге асыру

16-бап. (1) Бұл регламентті университет ректоры және ректор өкілі жүзеге асырады.



Регламент қабылданған Өкілетті Қоңсар мәжілісінің

Күні: 24 / 06 / 2014

Мәжіліс № 48

Шешім № 10.3

